

УДК: 94 (=512.1): 32

**ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ЖАДЫЛЫҚ САЯСАТТЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Асан Оразбибі**

orazbibi.assan.00@bk.ru

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, Халықаралық қатынастар факультеті, Аймақтану кафедрасының 4 курс студенті,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - Ж.Е.Нурбаев

Жадылық саясат мемлекет билеуші элиталарының тарихта болған оқиғаларды, халықтың жадын өз мүддесінде пайдалануы, қоғамда маңызды рөлге ие еткізуі болып табылады. Кез-келген мемлекеттің билеуші элитасы өз тұрғылықты халқының санасын басқару арқылы бақылау орнатқысы келеді. Мұндай бақылаудың қуатты құралы ретінде «адам санасын өткенге бағыттауды» қарастыруға болады. «Тарих-саясатты жүргізу алаңдарының бірі»-деген пікірде тарихшы Алексей Миллер. Осы ойды негізге ала отырып, Орта Азия жады саясатында тарихтың рөлін анықтауға болады. Мемлекеттің құрылуы барысында тарихтың рөлі зор. Бұл мелкеттің құрылуы барысында, халықтың бірегейлігін анықтауда жады саясатының қолданылуымен анықталады. Дәл солай КСРО-ның құлауы, аймақта жаңа мемлекеттердің пайда болуы мемлекеттердің жады саясатымен қоса жүрді. «Қалай болғанда әрбір қоғамда жады саясаты бар»-деген Алексей Миллердің сөзіне сүйене отырып, Орталық Азия мемлекеттерінде де жады саясатының барын мәлімдеуге болады. Және де Орталық Азия

жады саясаты да өзіндік ерекшеліктерге ие. Бұл аймақ халқының ауыр оқиғалар мен ерлік іс-әрекеттерін баяндайтын тарихты саясаттандырумен ерекшеленеді. Жалпы тарих тек тарихшылар зерттеу аймағы емес, саясаткерлер, яғни, ұлттық құрылым мәселесін алдыға жылжытушылар алаңына айналуға міндетке айналды. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін жаңа ұлттардың саяси және зияткерлік элиталарының алдында ұлттық дәстүрді қайта жаңғырту, «өткенді ұлтшыландыру», тарихтағы «бұрылыс сәттерін» бөлу- сынды мәселелер тұрды. «Тарихи жады» қоғамға жаңа серпін беріп, жаңа идеялар мен құндылықтардың пайда болуына алып келді. Нәтижесінде, КСРО-ның ыдырауы жаңа тәуелсіз 15 мемлекеттің пайда болуына ғана емес, сонымен бірге әр елдің өткенінің өз ресми нұсқаларын қамтитын 15 жаңа ұлттық тарихтың пайда болуына алып келді. Бұл ретте халықтың мәдениеті, арнайы оқиғалар мен олардың аталып өтетін күндері, жеке тұлғалар мен олардың еңбектері негізгі ықпал етуші фактор болды. [1] Жалпы алғанда жады саясатының жүргізілу әдісі ретінде ұлттық жады институттарын және олардың функциялары мен ұйымдастырылу принциптері бойынша оларға ұқсас мекемелерді ұйымдастыру, белгілі бір саяси күштердің тікелей қамқорлығымен арнайы мұражайлар құру, бұқаралық ақпарат құралдарына бақылауды қолдану, білім беру жүйесін бақылауды қолдану, символдық салаға әсер ету, арнайы мерекелерді ұйымдастыру, еске алу шараларын ұйымдастыруды қарастыра отыра Орталық Азия мемлекеттері мысалында жады саясатының жүруі жайлы мәлімдеуге болады: Мысалы, Қазақстанның жады саясаты қазақ хандығының аясында өрбиді. Сондай-ақ Қазақстан жады саясатының дамуында мемлекеттің тұңғыш президенті Н.Ә. Назарбаевтың еңбектерінің ықпалы бар. Қазақстан мемлекеті өзінің алғашқы этникалық аумағында қазақ халқының еркімен құрылды. Осы мәселе асында бүгінде қазақ халқы өзінің тарихи негіздерін, салт-дәстүрін, ұлттық өнер туындыларын терең зерттеуге назар аударуда. Бұлар қоғамдық жадының нышандары болып келеді. Мысал ретінде бүгінде болып жатқан мәдени дәстүрлерді белсенді жаңғырту және түсіндіру, ұлттық тарихқа деген қызығушылықтың және оны жаңа, тереңірек және саналы түсінудің едәуір артуы, тарихи тұлғалар есімдерін жаңғырту, арнайы күндерді атап өту сынды үрдістерді айтуға болады.

Ал Елбасы еңбектерінің ықпалына келетін болсақ, «Тарих толқынында» еңбегінде ерекше назар аудартатыны-ол алғысөзі. Қазақ мемлекеттілігінен бастау алған бес ғасырды ұмытпауымыз керек екені алғысөзде айтылса, «Өзіндік «Менді» жоғалтпау» атты бөлімде ұлттық сананы жоғатпай сақтаудың біргеі құпиясы ұлттың қалыптасуы бірнеше ғасырлық тарихты қамтитынын және КСРО-ның құлауы арқылы жаңадан пайда болған ұлт емес, керісінше, ұзақ тарихқа ие ұлт екені айтылады. Бұл жады саясатында біздің тарихымыздың тереңде екенін насихаттау көрінісі деп ойлаймын.

«...Ұлттық сана үшін этникалық мәдениет пен тілді қорғайтын және дамытатын мемлекеттік институттар жүйесіне сүйену өте маңызды. Бұл әсіресе білім беру жүйесі мен бұқаралық ақпарат құралдарына қатысты. Біз «қазақ тілінің қалдығы» қағидаты бойынша құрылған, ең ұтқыр және бәсекеге қабілетті мамандықтар мен мамандардың қазақ тілінде ала алмайтын білім беру жүйесін көрдік. Нәтижесінде, әсіресе ұлттың элиталық топтары арасында кәсіби тілді білуге деген ынта төмендеді. Бұл ұлттық санаға тікелей әсер етті. Мұндағы заңдылық қарапайым түрде болды-ол ұлттық «менді» институционалды қорғауды барынша азайту. Бүгінгі күні Қазақстан мемлекеті бұрынғы «минимумды» қалпына келтіргенде, қалыпты жағдайдың қалпына келуін дұрыс түсіну керек...» [2] - қатары өткен тарихымызда кезіккен тіл мәселесін есте сақтай отыра, алдағы болашақта оны алдыға тарту, сондай-ақ институционалды қорғау қажетті құбылыс екенін ұқтыру деп ойлаймын.

Егер Тәжікстанға келетін болсақ, президент Э.Рахмон Саманидтер әулетін тәжік мемлекетінің тарихи белгісі және ата-бабасы ретінде таңдаған. Президенттің «Тәжіктер тарихының айнасында» кітабының жазылуы жады саясатына ықпал ете отырып, мифтік көзәрастардың пайд болуына алып келді. Э. Рахмон «этникалық» тәжік сөзін «қаж» (тәж) сөзіне көтерді, осы этнонимнің халықтық этимологиясын таңдап, оны «арий» сөзінің этимологиясымен жасанды түрде байланыстырды. Оның пікірінше, «тәжік» сөзі («тәж», «асыл отбасы») «асылдық» дегенді білдіретін «арьян» сөзіне балама. Бұл тәжік арийлері - «Орталық

Азиядағы ең ежелгі адамдар» дегенді білдіреді. [3]Э. Рахмонның айтуынша, Орталық Азия тарихындағы ежелгі және ерте ортағасырлық кезеңдердің барлық жетістіктері тәжіктерге тиесілі. Тәжік қалалары ежелгі және ортағасырлық Бұхара, Самарқанд, Балх, Герат, Мерв, ал тәжіктер жаңа келгендерге түркілерге сабақ берген ең мәдениетті және өркениетті адамдар. Президент өз сөзінде парсы мәдениеті мен тарихынан терең тамыр тартқан қазіргі тәжіктердің сезімдері мен тәжірибелері арқылы тарих пен бірегейлікке жеке көзқарас береді. «...Тәжіктер мыңжылдықтар бойы өмір сүріп келе жатқан өзіндік ерекшелігін қалыптастырған халық ретінде біздің дәуіріміздің 8-9 ғасырларында мәдени және саяси аренада пайда болғаны белгілі. Олардың феномені бір уақытта Таяу Шығыстың қайта өрлеу дәуіріне айналды, ол сол кезде пайда болған қазіргі тәжіктердің алғашқы мемлекеттерінің бірі - Саманидтер мемлекетімен байланысты болды. Әлемдік өркениеттің ең жоғары жетістіктері, оның тарихи уақыттың осы бөлігіндегі басты жолы энциклопедист Закария ар-Рази, әл-Хоразми, Рудаки, Фердоуси, Фараби, Бируни, Авиценна және басқа да көптеген танымал ғылым қайраткерлерінің есімдерімен, мәдениет және мемлекет...» [3]-деген ойымен тәжіктердің де тарихы тереңде екенін және тәжіктердің өркениетке қосқан үлесінің мол екенін жадқа сіңдіреді.

Ал,Өзбекстанның жаңа тарихи саясатының орталық орны өзбек мемлекеттілігінің негізін қалаушылардың бірі аталған Әмір Темірге тиесілі. Оның құрметіне ескерткіштер орнатылып, мұражайлар ашылды. Темір ескерткішінің бейнесі банкноттарда, пошта маркаларында, мемлекеттік наградаларда қайталанатын.Ташкенттің орталығында Әмір Темір және ол құрған әулет өкілдерінің билік құрған кезіндегі Орта Азия тарихына арналған мұражай ашылды. Тимуридтер тарихының мемлекеттік мұражайы 1996 жылы Президент И.Каримовтың бастамасымен, тәуелсіз Өзбекстанның есте сақтау саясатында басты рөл жүктелген Темірдің туғанына 660 жыл толуына орай, ашылған болатын. Өзбекстан Республикасында мемлекеттік құрылымдардан басқа, Тарих институты, Археология институты,Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясы айналсады. Сонымен қатар, 2012 жылы Тіл және әдебиет институтының бірлестігі негізінде Тарих, археология және этнография институты, Қарақалпақ гуманитарлық ғылыми-зерттеу институты құрылған болатын. [4]

Түрікменстан жады саясаты «барлық түркімендердің әкесі» атанған Сапармұрат Ниязовтың моральдық нұсқаулармен және философиялық пайымдаумен қатар, ұлттық тарихтың «шынайы» нұсқасын ұсынған тарихи еңбегі «Рухнама» аясында жүзеге асты. Кітаптың негізгі идеясы «Құдайдың тікелей таңдауы» түрікмен халқы екені және 5 мың жыл бұрын тікелей Құдайдың қалауымен жаратылғаны жайлы болды. Ал Оғыз хан барлық түрікмендердің мифтік түп тамыры болып қарастырылды. Оғыз хан - түрікмендердің ұлттық пайғамбары, олардың арғы атасы. Сонымен қатар, кітап авторы президент бейнесі құдаймен теңестіріледі. Президенттің жеке басына табынушылық жүзеге асырылуда.

Тарихымыздың соңғы кезеңдерінде ұлттың көптеген рухани қайнарлары кеуіп қалды. Рухнаманың мақсаты - осы таяз шабыт бұлақтарын тірілту. Ежелгі аршалар сияқты, өзінің ежелгі тамырларын түркімен жерінде тереңнен қосты, бұл сияқты көрінбейтін өткенді қайта тірілту керек, өйткені, мысалы, сенбейтіндер өмірді бастан өткергендер үшін үлкен жүк, ауыр жүк...» [5] Жалпы алғанда, Түрікменстан президенті С.Ниязовтың еңбегінде түрікмендердің ұлылығы, тарих пен өркениетке қосқан үлесі баяндалды.

Ал Қырғызстанның тарихи жады саясаты «Манас» эпосының аясында өрбүде. Қырғызстан Республикасының президенті А.Ақаев эпостың мазмұнын қазіргі ұлттық идеологияға айналдыру, сонымен бірге оны қырғыз мәдениеті мен тарихын насихаттау үшін пайдаланды. «Манас» эпосы тарихнамалық дерек көзі ретінде қырғыздар мен қырғыз мемлекетінің тарихы туралы барлық оқулықтар мен оқу құралдарына енгізілді. 1993 жылы Қырғызстан Республикасының бастамасымен БҰҰ-ның «Манас» қырғыз ұлттық эпосының 1000 жылдығын мерекелеу туралы қарар қабылданды, ол республика басшылығының 1995 жылды« Манас »эпосының 1000 жылдығы деп жариялау туралы ұсыныстарын қолдады. Ұлттық идеология ретінде «Манастың жеті өсиеті» алынған болатын. Мифтік ата-баба болып

табылатын Манас пен оның серіктері қазіргі қырғыз халқының мақтанышы болған нағыз бабалар ретінде еске алынады.[1]

Қорытындылай келе, әлемнің басқа аймақ мемлекеттеріндегідей Орталық Азиядағы мемлекеттерде де жады саясаты белсенді жүріп жатқанын байқауға болады. Жады саясаты өткен тарихымыз бен мәдениетімізді алдыға жылжыта отырып біздің ұлттық бірегейлігімізге септігін тигізсе, кейде тарихтың бұрмалауына, фолк-хисторидің болуына, жеке тұлғалар есімінің ұрандалуына, ал кейде жеке тұлғалар есімінің ұмытылуына ықпал етеді. Ресей тарихшысы Алексей Миллердің «Жады саясаты кез-келген қоғамда бар және болмақ. Бірақ барлығы тарихты саналы түрде және саналы мақсаттарға қолдануға болады» деген ойын алдыға тарта отырып, жады саясатының әрқилы екенін түсіндіруге болады.

#### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Галиев А.А. Политика памяти в странах Центральной Азии и проблемы.  
URL: <http://arch.kyrlibnet.kg/uploads/KNUGALIEVA.A.2018-2.pdf>
2. Н.Ә.Назарбаев. В потоке истории. – Алматы: Атамұра, 1999. – 296 б.  
URL: <https://presidentlibrary.kz/ru/content/nazarbaev-n-v-potoke-istorii> (шығу күні: 09.11.2016)
3. Э.Рохман. Независимость Таджикистана и возрождение нации. – Душанбе: Ирфон, 2006. – 424 б.  
URL: <http://mavod.tj/mybook/books/541472722271831.pdf>
4. Memory and commemoration in Central Asia,  
“International Institute for Asian Studies”  
URL: <https://www.iias.asia/the-newsletter/article/memory-commemoration-central-asia>
5. С.Ниязов. Рухнама. – Ашхабад: Туркменская Государственная издательская служба, 2002. – 475 б.